- Жауабы: Төрт жағдай болуы мүмкін: 60, 180, 220 және 340 км.

**№18.** Мүмкін емес.

**№19.** 285 бет.

**№20.** 495 бет.

**№ 21.** 450 және 45.

**№22.** 35.

**№23.**  $6 \cdot (8 + 20) : 4 - 2 = 40$ .

**№83.**  $c$  -ның қандай мәндерінде  $sx=9$  теңдеуінің оң түбірлері болады?

**№84.**  $(x-2)(y+3)=0$  теңдеуінің графигін салыңдар.

**№85.**  $x^2 +xy=0$  теңдеуінің графигін салыңдар

**№118.** Саудагер қонақүйге келіпті, оның 7 үзбеден тұратын алтын шынжыры ғана болған екен. Қонақүйдегі әрбір тәулігі үшін шынжырдың бір үзбесімен есеп айырысуға келісті. Қонақүймен есеп айырысуы үшін шынжырды аз дегенде неше жерден үзуге болады?

**№119.** Бір елде үш қала бар екен: А, В, Б-қалалары. А қаласының тұрғындары ылғи шындық айтады, Б қаласының тұрғындары ылғи өтірік айтады, ал В қаласының тұрғындары шындық пен өтірікті қатал түрде кезекпен айтады. Бір қаланың тұрғыны өрт көрген соң өртсөндірушілердің кезекшісіне хабарлайды. Сонда мынадай сөз болды: «Бізде өрт болып жатыр, тезірек келіңіздер!» – «Қайда?!» - «В қаласында!» Өртсөндірушілер қай қалаға бару керек?

**№120.** Жанұяның бірнеше балалары бар. Олардың жетеуі қырыққабат жегенді ұнатады, алтауы сәбіз жегенді, бесеуі бұршақ жегенді ұнатады. Төртеуі қырыққабат пен сәбіз жегенді, үшеуі қырыққабат пен бұршақ жегенді, екеуі сәбіз бен бұршақ жегенді ұнатады. Ал балалардың біреуі ғана қырыққабатты та, сәбізді де және бұршақты да жегенді ұнатады. Жанұяда барлығы неше бала бар?

## 6 класс

**№1.**  $(-1) \cdot (-3) \cdot (-5) \cdot \dots \cdot (-999)$  өрнегінің таңбасын анықтаңдар.

**№2.** Өрнектің мәнін табыңдар:

$$1000000-(1000000-(1000000-(1000000-999999)))$$

**№ 3.** Натурал А санының 2%-і натурал В санының 3%-нен артық болса, онда натурал А санының 5%-і натурал В санының 7%-нен артық болатыны дұрыс па?

**№4.** Шебер қуыршақты 5 күнде жасады. Қуыршақты 4 күнде дайындау үшін шеберге жұмыс өнімділігін неше процентке арттыру керек?

**№5.** Орманның төрттен бір бөлігіндегі ағаштардың 20%-і, ал қалған бөлігіндегі ағаштардың 10% -і кесілді. Орман ағаштарының неше проценті кесілді?

**№6.** Егер Асылбектің ақшасына тағы 80% қосса, онда 9000 рубль болады. Асылбекте қанша ақша бар?

**№7.** Екі саудагер қалада бірдей бағамен тауарлардың бірдей санын сатып алып, өз ауылдарына сатуға кетті. Біріншісі сатып алғаннан бағадан екі есе қымбатқа сатты. Екінші саудагер алдымен 60%-ке арттырып, тауардың төрттен бір бөлігін сатты, содан соң тағы 40%-ке арттырып, қалған тауар сатты. Қайсы саудагер көбірек пайда тапты?

**№8.** Көктемгі арзандатуда бір дүкенде 3500 теңгелік шарфтар 40%-ке, бір аптадан соң тағы 5%-ке арзандатылды. Басқа дүкенде бағасы осындай шарф бірден 45%-ке арзандатылып сатылды. Шарфты қай дүкеннен сатып алған тиімдірек?

**№9.** Оқулықта 160 бет бар. Бірінші күні оқушы барлық кітаптың  $\frac{1}{4}$ -ін, екінші күні қалғанының 65% , ал үшінші күні кітаптың қалған бөлігін оқып бітірді. Оқушы әр күн сайын оқулықтың неше бетін оқыды?

**№10.** И.А.Гончаров «Обломов» романында Илья Обломов көктемде -25%-ке жүдеді, жазда -20%-ке толды, күзде -10%-ке жүдеді, қыста -20%-ке толды. Бір жылдағы өзгерісі қандай? Жүдеді ме? Толды ма?

**№11.** Қарабас-Барабастың сақалы өз салмағының 40%-н құрайтын, Буратино қиып тастағаннан кейін ол 10% -н құрайтын болды. Буратино сақалдың қандай бөлігін қиып тастады?

**№71.** Цифрларының көбейтіндісі 3 болатын барлық үш таңбалы сандардың қосындысын табыңдар.

**№72.** Ұланның жоғарғы оқу орнына түсерде орта білімі туралы аттестатындағы орташа ұпайы он екі пән бойынша есептелді. Ол 3,5-ке тең болды. Орташа ұпай 4 болуы үшін Ұлан неше пәннен бағасын бір ұпайға көтеруі керек еді?

**№73.** Алты таңбалы санның бірінші цифры төртіншісімен, екіншісі біріншісімен, ал екіншісі алтыншы цифрмен беттеседі. Бұл санның 7, 11 және 13 сандарына еселік екенін дәлелдендер.

**№74.**  $(a-1)x=12$  теңдеуінің түбірі натурал сан болатын а-ның барлық натурал мәндерін табыңдар.

**№75.** x-пен y-тің қандай натурал мәнінде  $3x+7y=23$  теңдігі орындалады?

**№76.**  $11^6+14^6-13^3$  –өрнегінің мәні 10-ға еселік екенін дәлелдендер.

**№77.** Теңдеулер жүйесін шешіндер:

$$\begin{cases} xy=1 \\ yz=2 \\ zx=8 \end{cases}$$

**№78.** Теңдеулер жүйесін шешіндер:

$$\begin{cases} x+y+z+u=5 \\ y+z+u+v=1 \\ z+u+v+x=2 \\ u+v+x+y=0 \\ v+x+y+z=4. \end{cases}$$

**№79.** Натурал саннан оның цифрларының қосындысын шегеріп, пайда болған саннан тағы оның цифрларының қосындысын шегеріп, осылай он бір рет шегергеннен кейін нәтижеде бірінші рет нөл шықты. Бастапқы натурал санды табыңдар.

**№80.** 2002 натурал сандардың көбейтіндісі олардың қосындысына тең болатындай сандарды табыңдар.

**№81.** c -ның қандай мәндерінде  $cx=9$  теңдеуінің -9; 0;  $\frac{1}{5}$ -ге тең бір түбірі болады?

**№82.** c -ның қандай мәндерінде  $cx=9$  теңдеуінің түбірлері болмайды?



**№58.** Бірліктерінің және ондықтарының цифрлары арасына нөл қойғанда 9 есе артатын барлық натурал сандарды табындар.

**№ 59.** Үшке еселік екітаңбалы санның цифрлары арасына нөл қойғанда және пайда болған үштаңбалы санға жүздігіндегі цифрды екі еселеп қосқанда 9 есе артатын санды табындар.

**№60.** Алдыңғы екі цифры өзара тең, соңғы екі цифры да өзара тең және нақты санның квадраты болатын төрттаңбалы санды табындар.

**№61.** Диананың 10 құрбысы бар. Әр отырыстағы қонақтар қайталанбайтындай етіп, оларды бірнеше күн Диана қонаққа шақырды. Қонаққа шақыру неше күнге созылды?

**№62.**  $2^{100}$  санының цифрларының қосындысын, содан соң нәтиженің цифрларының қосындысын және т.с.с нәтиженің цифрларының қосындысын тапқанда, ең соңында біртаңбалы сан шықты. Осы санды табындар.

**№63.** Атақты орыс суретшісі Богданов-Бельскийдің «Ауызша санау » атты картинасы бар. Онда оқушылардың есепке қызығып, ойланып тұрғандары бейнеленген. Бұл есеп мынадай:  $\frac{10^2+11^2+12^2+13^2+14^2}{365}$

Сендер де бұл есепті ауызша есептеп көріндер.

**№64.** Мына сандардың қайсысы үлкен:  $\frac{777777773}{777777778}$  немесе  $\frac{888888882}{888888887}$  ?

**№65.** Арай, Құралай, Жадыра, Арман концертке қатысып, ән айтты. Әр әнді үш қыз баладан айтты. Бәрінен ең көп Арай орындаған, 8 ән айтты, ең аз орындаған Арман, 5 ән айтты. Барлығы неше ән айтылды?

**№67.** Тойдағы 43 адам би биледі. Бірінші бикеш 8 жігітпен, екінші бикеш 9 жігітпен, үшінші бикеш 10 жігітпен,...,ал соңғы бикеш сол тойға келген барлық жігітпен би биледі. Тойда қанша бикеш пен қанша жігіт болған?

**№68.** Ойын-сауық кешінде 20 биші болған. Мария жеті жігітпен, Ольга сегіз жігітпен, Вера тоғыз жігітпен билеген, ал Нинаның өзі жігіттердің барлығымен билеген. Ойын-сауық кешінде қанша биші жігіт болған?

**№69.** Бауыры мен ағасының жастары бірге алғанда 35жас. Егер біреуінің жасының жартысы екіншісінің үштен біріне тең болса, онда бауыры мен ағасы неше жаста?

**№70.** 1998 жылы жасы мен туған жылының цифрларының қосындысы тең болған адамның туған жылын анықтаңдар.

**№12.** Жас саңырауқұлақта 90% су, ал кепкен саңырауқұлақта 15%су болады. 17 кг жас саңырауқұлақтан қанша кепкен саңырауқұлақ алуға болады?

**№13.** Жас таңқурайда 90% су, ал кепкен таңқурайда 4% су болады. 24 кг жас таңқурайдан қанша кепкен таңқурай алуға болады?

**№14.** Қауынның салмағы 10 кг және оның құрамында 99 % су бар. Біраз кепкеннен кейін оның құрамында су 98 % болды. Қарбыздың қазіргі салмағы қандай болды?

**№15.** Құрамындағы тұз 40% болатын 600г ерітіндіден осы тұздың 12- проценттік ерітіндісін алу үшін оған қанша су құю керек?

**№16.** Күнделік 50 тенге, ал оқулық 90тенге тұрады. Күнделік оқулықтан неше процентке арзан?

**№17.** Күнделік 50 тенге, ал оқулық 90тенге тұрады. Оқулық күнделіктен неше процентке қымбат?

**№18.** Ақерке екі кітап сатып алды, бірі екіншісінен 50% қымбат. Екінші кітап бірінші кітаптан неше процентке арзан?

**№19.** Тауар 20%-ке арзандаса, барлық ақшаға тауарды неше процент артық алуға болады?

**№20.** Жас саңырауқұлақтың ылғалдылығы - 99%, кепкен саңырауқұлақтың ылғалдылығы - 98%. Жас саңырауқұлақ кепкеннен кейін салмағы қалай өзгереді?

**№21.** Конференциядағы делегаттардың қандай да бірнеше бөлігі тек ағылшын тілін, бірнеше бөлігі тек испан тілін, ал бірнеше бөлігі екі тілді де біледі. Делегаттардың 85%-і ағылшын тілін, 75%-і испан тілін біледі. Делегаттардың неше проценті екі тілде сөйлейді?

**№22.** Майлылығы 35% болатын 5 л қаймақты майлылығы 20% болатын 4 л қаймақпен араластырып, оған және 1 л су қосты. Майлылығы қандай қаймақ пайда болды?

**№23.** Бақылау жұмысын орындаған оқушылардың 30%-і - "5" баға, 40%-і - "4"баға, 8 оқушы - "3", ал қалғандары - "2" баға алды. Орташа ұпай 3,9. Оқушылар қандай алған бағаларын Әр бағадан неше оқушы алған?

**№24.** Балнұр мен Арайлым 91%-тен көбі ер бала болатын математика үйірмесіне қатысады. Математикалық үйірмеге қатысатын оқушылардың мүмкін болатын ең аз санын табындар.

**№25.** Егер ұлдар саны 50%-тен аз, бірақ 40%-тен артық болса, математикалық үйірмеде ең аз дегенде неше қатысушы бар,?

**№26.** Кесе мен тәрелке бірге 2500 сом, ал 4 кесе мен 3 тәрелке 8870 сом тұрады. Кесе мен тәрелкенің бағасы қандай?

**№27.** Екі таңбалы  $x$  санның  $x$  және  $y$  цифрлары үшін  $10x+y=xy+52$  теңдігі орындалады. Осы сандарды табындар:

**№28.** Үш сөреде 52 кітап жатыр. Егер үшінші сөреден екінші сөреге 3 кітапты ауыстырып салса, онда бірінші және екінші сөрелерде кітаптар бірдей, ал екінші сөреде біріншіге қарағанда екі есе аз болады. Әр сөреде неше кітаптан болған еді ?

**№29.** Цифрларының қосындысы 2001 болатын сан бүтін санның квадраты бола ала ма?

**№30.** Қабырғалары метрлердің бүтін сандарымен өрнектелетін ауданы  $48 \text{ см}^2$  болатын неше тіктөртбұрыш бар?

**№31.** Тіктөртбұрыш үшеуінің аудандары


$2 \text{ см}^2$ ,  $4 \text{ см}^2$ ,  $6 \text{ см}^2$  болатын

4 тіктөртбұрышқа бөлінген.

2	4
6	

Берілген тіктөртбұрыштың ауданын тап.

**№32.** Жол бойында жөндеу жұмыстары жүріп жатқандықтан, жүргізулер суретте үзік сызықтармен көрсетілгендей қосымша жолмен жүрді. Қосымша жол барлық жолды неше километрге арттырды?



**№33.** Орманда спорттық кросс өтті. Кросты талқылай келе бір тиін былай деді: «Бірінші орынды қоян, екінші орынды түлкі иеленді». Басқа тиін

**№46.** Есептеңдер:  $\frac{4^6 \cdot 9^5 + 6^9 \cdot 120}{8^4 \cdot 3^{12} - 6^{11}}$ .

**№47.**  $13+13^2+13^3+13^4+\dots+13^{2001}+13^{2002}$  саны 7-ге бөлінетінін дәлелде.

**№48.** Келесі сан бүтін болатын дәлелде:  $\frac{36}{5 \cdot 7} - \frac{1}{5 \cdot 6 \cdot 7} - \frac{1}{6 \cdot 7 \cdot 8} - \frac{1}{6 \cdot 8}$

**№49.** Есепте:  $\frac{1}{20} + \frac{1}{30} + \frac{1}{42} + \frac{1}{56} + \frac{1}{72} + \frac{1}{90} + \frac{1}{110} + \frac{1}{132}$

**№50.** Қосындысы 504-ке еселік болатын, ал бөліндісі 6-ға еселік болатын екі үш таңбалы санды табындар.

**№51.** Тізбектес төрт санның көбейтіндісі 7920-ге тең. Осы сандарды табындар.

**№52.**  $a$ -ның қандай мәнінде  $(x+2)(x+4)(x+6)(x+8)+a$  өрнегі толық квадрат болады?

**№53.** Бірдей үш құбыр хауызды 4 сағатта толтырады. Осындай екі құбыр осы хауызды неше сағатта толтырады?

**№54.** Рустам мен Дулаттың аулаған балықтары Русланның аулаған балықтарынан 3 есе артық, ал Дулат пен Русланның аулаған балықтары Рустамның аулаған балықтарынан 5 есе артық. Рустам мен Русланның аулаған балығы көп пе, әлде Дулаттың аулаған балығы көп пе?

**№55.** Үш жолдас: мүсінші Аппақов, қобызшы Қараев және суретші Қоныров кездесті. Қара шашты былай дейді: «Біреуіміздің шашымыз ақ, біреуіміздікі қара, біреуіміздікі қоңыр, бірақ ешқайсымыздың да аты-жөніміз шашымыздың түсіне сәйкес келмейді екен». «Дұрыс айтасын»- деді Аппақов. Суретшінің шашының түсі қандай?

**№56.** Дүкенге үш сортты 25 жәшік алма әкелінді (әр жәшікте тек бір сортты алма). Осы алмалардың ішінде бір сортты алмалардан кем дегенде 9 жәшік кездесетінін дәлелдеңіз.

**№57.** Бекжанның туған күніне бірнеше қонақтар келді. Үстел үстінде үлкен вазада кәмпиттер тұрды. Қонақтардың бірі ваза қасына келіп, ойша кәмпиттерді барлығына (Бекжанды қоса алғанда) бірдей етіп бөлді де, өз үлесін және тағы да бір кәмпит алды. Екінші қонақ та ваза қасына келіп, кәмпиттерді ойша барлығына (Бекжанды қоса алғанда) бірдей етіп бөлді де, өз үлесін және екі кәмпит алды. Дәл сол сияқты үшінші қонақ та өз үлесін және үш кәмпит алды, осылай жалғаса берді. Ең соңынан келген Бекжан вазаның бос екенін көрді. Барлық қонақтардың бірдей кәмпит алғанын дәлелдеңдер.

№22. Қайсы сан үлкен:  $100^{100}$  немесе  $50^{50} \cdot 150^{50}$ ?

№23. Қайсысы үлкен:  $(1.01)^{1000}$  әлде  $1000$ ?

№24. Мына айырманың соңғы цифрын анықтаңдар:  $99^{99} - 51^{51}$ .

№25.  $2^{1000}$  санында неше цифр бар?

№26.  $5^{100}$ ,  $6^{91}$ ,  $7^{90}$ ,  $8^{85}$  сандарының ең үлкенін тап.

№27.  $3x - 12y = 7$  теңдеуінің барлық бүтін түбірлерін табыңдар.

№28.  $21x + 48y = 6$  теңдеуінің барлық бүтін түбірлерін табыңдар..

№29.  $2x + 3y + 5z = 11$  теңдеуінің барлық бүтін түбірлерін табыңдар.

№30.  $(2x + y)(5x + 3y) = 7$  теңдеуінің барлық бүтін түбірлерін табыңдар.

№31.  $xy = x + y + 3$  теңдеуінің барлық бүтін түбірлерін табыңдар.

№32. Натурал санның квадраты 2-ге аяқталуы мүмкін бе?

№33.  $x^2 - y^2 = 31$  теңдеуінің натурал түбірлерін табыңдар.

№34.  $x^2 - y^2 = 30$  теңдеуінің бүтін шешуінің болмайтындығын дәлелде.

№35.  $x^2 - y^2 = 303$  теңдеуінің натурал түбірлерін табыңдар.

№36.  $2x^2 + 2y^2$  — өрнегін екі өрнектің квадраттарының қосындысы түрінде жаз.

№37.  $x^2 - 2x + y^2 - 4y + 5 = 0$  — теңдеуін шеш.

№38.  $x^2 - y^2 = 69$  теңдеуін ғана қанағаттандыратын натурал сандарды анықта.

№39.  $x^3 + x^2 + x - 3 = 0$  теңдеуінің бүтін түбірлерін табыңдар.

№40.  $|x+4| + |x-1| = 6$  теңдеуін шешіндер.

№41.  $x \cdot y + 1 = x + y$  болатындай  $x$  пен  $y$ -тің барлық мәндерін табыңдар.

№42.  $\frac{x^2 + xy}{9x^2 + xy + y^2} = \frac{1}{7}$  екендігі белгілі.  $\frac{3x-2y}{3x+y}$  табыңдар.

№43. Өрнектің мәнін табыңдар:  $\frac{27^3 \cdot 4^5}{6^8} - \frac{5^5 \cdot 2^4}{10^4} - \frac{2^6 \cdot 3^4}{6^4}$

№44. Теңдеуді шешіндер:  $2 \cdot (x + \frac{1}{x})^2 + (x^2 + \frac{1}{x^2})^2 - (x^2 + \frac{1}{x^2})(x + \frac{1}{x})^2 = (x+2)^2$

№45. Ықшамдаңдар:  $\frac{100^n}{2^{n+1} \cdot 5^{2n-2}} - 25 \cdot 2^{n-1}$ .

қарсылық білдіріп, былай деді: «Қоян екінші орын, бұғы бірінші орынды иеленді». Әр тиіннің айтқандарының бір бөлігі ақиқат, ал басқа бөлігі жалған екендігі анықталды. Кростағы бірінші және екінші орынды иеленгендерді анықтаңдар.

№34. 31, 32, 33, 34, 35, 36 сандарын теңбүйірлі үшбұрыш түрінде орналасқан алты шеңбердің ішіне үшбұрыштың барлық қабырғаларындағы сандардың қосындысы 100-ге тең болатындай етіп орналастырыңдар.

№35. Бөренелерді 52 рет арамен кескенде 72 шөрке шықты. Бастапқыда барлығы неше бөрене болған?

№36. Қабырғалары бүтін санмен берілген периметрі 13 болатын неше үшбұрыш бар?

№37. Қандай да бір айдың дүйсенбілер сейсенбіден, ал жексенбілер сенбіден көп. Осы айдың бесінші жұлдызы аптаның қай күніне сәйкес келеді?

№38. Пайда болған сан 45-ке бөлінетіндей 43 санының оң және сол жағына бір цифр тіркеп жазыңдар.

№39. Мұғалімнің жасы жалпы сыныптағы оқушылардың орташа жасынан 24 жас үлкен және сабақта отырған оқушылардың орташа жасынан 22 жас үлкен. Сыныпта неше оқушы бар?

№40. Баянның маркалардан жасаған коллекциясы үш альбомнан тұрады. Оның 1/5 маркасы бірінші альбомда, бірнеше жетілік үлесі екінші альбомда және 303 маркасы үшінші альбомда. Баянда неше марка болған?

№41. Цифрларының қосындысының кубына тең болатын ұштанбалы сандарды табыңдар.

№42. Дөңес бесбұрыштың барлық диагональдары жүргізілген. Осындай сызбада неше үшбұрыш бар?

№43. Себетте 13 алма бар. Бір өлшеу арқылы кез келген екі алманы бірге алғандағы салмағын анықтауға болады. Барлық алманың салмағын неше рет ең аз өлшеу арқылы қандай?

№44. Барлық 0 мен 9 цифрлары кездесетін және 72-ге бөлінетін ең кіші онтаңбалы санды табыңдар.

№45. Футбол добы алтыбұрышты әктүсті және бесбұрышты қаратүсті барлығы 32 құрақтан тігілді. Әрбір қаратүсті құрақ тек әктүсті құрақпен, ал

әрбір актүсті құрақ үш қаратүсті құрақ және үш актүсті құрақ шектесіп жатыр. Актүсті құрақтардың саны нешеу?

**№46.** Пәтерінің нөмірін сұрағанда, Алихан: «Пәтердің нөмір саны өзінің бірлігіндегі цифрдан 17 есе артық екендігін айтты.»

**№47.** Цифрларының қосындысы өзінен 1 есе кем барлық үштанбалы сандарды табыңдар.

**№48.** Математикалық олимпиадаға 100 оқушы қатысты. Төрт тапсырма берілді. Бірінші есепті- 90 оқушы, екінші есепті — 80 оқушы, үшінші есепті — 70 оқушы және төртінші есепті — 60 оқушы шығарды. Барлық тапсырманы шығарған оқушы болған жоқ. Үшінші және төртінші есептерді шығарған оқушылар марапатталды. Неше оқушы марапатталды?

**№49.** Ардақ, Дулат, Мақсат, Арқат және Жансая екі-екіден жұптасып теннис ойнады. Нәтижесінде Арқат 12 ойында, Ардақ 6 ойында ұтылды. Әр жұп басқа жұппен бір рет қана ойнаса, Жансая неше ойында жеңіске жетті?

**№50.** Ақылбек кітапты үш күнде оқып бітірді. Бірінші күні барлық кітаптың 0,2-ін және 16 бет, екінші күні қалғанының 0,3-ін және 20 бет, ал үшінші күні қалғанының 0,75-ін және соңғы 30 бетін оқыды. Кітапта неше бет болған?

**№51.** Барлық цифрлары әртүрлі, ал көбейтінділері 360-ға тең ең үлкен санды табыңдар.

**№52.** Теннис турнирына 10 теннисші қатысты. Бірінші айналымда ойнау үшін оларды жұпқа бөлудің неше нұсқасы бар?

**№53.** Электронды сағат 00:00:00 мен 23:59:59 аралығындағы уақытты көрсетеді. Бір тәулік ішінде индикаторда қатарынан төрт 3 цифры неше рет жанады?

**№54.** Қандай да бір үштанбалы санның соңғы екі цифрының орындарын ауыстырғанда пайда болған сан мен алғашқы санның қосындысынан 173-пен басталатын төрттанбалы сан пайда болды. Осы санның соңғы цифры қандай болады?

**№55.** А және В пунктiнен екі машина бірауақытта бір-біріне қарама-қарсы шықты. 7 сағаттан соң олардың арасы 136 километр болды. А және В арақашықтығын табыңдар, егер бір машина оны 10 сағатта, ал екінші машина 12 сағатта жүріп өтетін болса.

## 7 сынып

**№1.**  $777^{777}$  санының соңғы цифры қандай?

**№2.**  $(n^2 - 1)^{1000} \cdot (n^2 + 1)^{1001}$  санына қандай санды қосқанда нәтижесі n-ге бөлінеді?

**№3.**  $2^n - n^2$  өрнегі 7-ге бөлінетіндей 10000-нан кем неше n натурал саны бар?

**№4.** a бүтін санын 7-ге бөлгендегі қалдық 4 болса, онда  $a^2 + 2a$  өрнегін 7-ге бөлгендегі қалдық неше болады?

**№5.**  $1989 \cdot 1990 \cdot 1991 + 1992^3$  санын 7-ге бөлгендегі қалдықты табыңдар.

**№6.**  $9^{100}$  санын 8-ге бөлгендегі қалдықты табыңдар.

**№7.**  $2^{100}$  санын 3-ке бөлгендегі қалдықты табыңдар.

**№8.**  $3^{1989}$  санын 7-ке бөлгендегі қалдықты табыңдар.

**№9.**  $10^{10} + 10^{100} + 10^{1000} + \dots + 10^{10000000000}$  санын 7-ке бөлгендегі қалдықты табыңдар.

**№10.** Айталық, А саны  $4444^{4444}$  санының цифрларының қосындысы, ал В саны А санының цифрларының қосындысы болсын. В санының цифрларының қосындысын табыңдар.

**№11.** p, p + 10, p + 14 – жай сандар. p- ны табыңдар.

**№12.** p, 2p + 1, 4p + 1 – жай сандар. p- ны табыңдар.

**№13.** p, 4p<sup>2</sup> + 1 и 6p<sup>2</sup> + 1 – жай сандар. p- ны табыңдар.

**№14.**  $1989^{1989}$  санының соңғы цифрын тап. .

**№15.**  $2^{50}$  санының соңғы цифрын тап.

**№16.**  $31^{11}$  немесе  $17^{14}$  сандарының қайсысы үлкен?

**№17.** Қайсысы үлкен:  $2^{300}$  немесе  $3^{200}$ ?

**№18.** Қайсысы үлкен:  $2^{40}$  немесе  $3^{28}$ ?

**№19.** Қайсысы үлкен:  $5^{44}$  немесе  $4^{53}$ ?

**№20.** Қайсысы үлкен:  $7^{92}$  немесе  $8^{91}$ ?

**№21.** Қайсысы үлкен:  $1234567 \cdot 1234569$  немесе  $1234568^2$ ?

**№93.** 30 оқушысы бар сыныптан математикалық олимпиадаға қатысу үшін екі оқушыны неше тәсілмен таңдауға болады?

**№94.** Пайда болған сан 15-ке бөлінетіндей 15 санының оң және сол жағына бір цифр тіркеп жазындар.

**№95.** Ортаңғы екі цифры 97 болатын және 45-ке бөлінетін төрттаңбалы сандарды табындар.

**№96.** Жазылуында барлық 10 цифр кездесетін және 36-ға бөлінетін ең кіші натурал санды табындар.

**№97.**  $3 \cdot 4 = 10$  теңдігі қандай санау жүйесінде ақиқат?

**№98.**  $3 + 4 = 10$  және  $3 \cdot 4 = 15$  орындалатындай санау жүйесі бар ма?

**№99.**  $2 + 3 = 5$  және  $2 \cdot 3 = 11$  орындалатындай санау жүйесі бар ма?

**№ 100.** Мектептің бір мұғалімі сыныбында 100 оқушы және олардың 24-і ұл бала, 32-і қыз бала екендігін мәлімдеді. Мұғалім қандай санау жүйесін қолданған?

**№101.** Бес жәшікте сандары бірдей алмалар жатыр. Егер әр жәшіктен 60 алмадан алса, онда барлық жәшікте алғашындағы екі жәшікте қанша алма болса, сонша алма қалады. Әр жәшікте қанша алма болған?

**№102.** Сыныптағы 38 оқушының 16-сы баскетбол, 17-сі хоккей, 18-і волейбол ойнайды. Спорттың екі түрімен шұғылданатындар: 4-уі баскетбол және хоккеймен; 3-уі баскетбол және волейболмен; 5-уі волейбол және хоккеймен. Үш оқушы баскетбол, хоккей, волейбол да ойнамайды. Неше оқушы спорттың үш түрімен шұғылданады?

**№56.** Алмаз әр қабатында 6 пәтері бар үйдің 9-қабатында тұрады. Ерназ әр қабатында 7 пәтері бар үйдің 7-қабатында тұрады. Олардың пәтерлерінің нөмірі бірдей, олардың әрқайсысы бірінші подъезде тұрады. Олардың пәтерлерінің нөмірі қандай?

**№57.** Қартазалағыш бір машина бүкіл жолды 1сағатта, ал екінші машина 45 минутта тазалап бітіреді. Екі машина қар тазалауды бірге бастағанда, 20 минут өткен соң, бірінші машина сынып қалды. Екінші машина неше минуттан кейін қарды тазалап бітірді?

**№58.** Бірді қосу немесе екіге еселеу амалдарының бірін орындау арқылы 1 санынан 51 санын алу үшін ең аз дегенде неше амал орындау керек?

**№59.** Соңғы екі санның квадраттарының қосындысы алдыңғы үш санның квадраттарының қосындысы тең болатын тізбектес бес натурал санның қосындысын табындар.

**№60.** Айдын тактада  $1*2*3*4*5*6*7*8*9=20$  теңдігін жазды. (тактадағы \* орындарына + және - минус таңбалары белгісіз ретте қойылған). Теңдікте қате жіберілгендігін дәлелде.

**№61.** Салды кездестіргеннен кейін катер бастапқы бағытымен тағы жарты сағат қозғалысын жалғастырды, содан соң бұрылып кері қайтты. Салды қуып жету үшін оған қанша уақыт керек?

**№62.** Велосипедші пунктке белгіленген уақытта жетуі тиіс. Егер ол 10 км/сағ жылдамдықпен жүрсе, онда белгіленген уақыттан бір сағат кешігеді, ал егер 15 км/сағ жылдамдықпен жүрсе, белгіленген уақыттан бір сағат ерте келеді. Пунктке белгіленген уақытта келуі үшін велосипедші қандай жылдамдықпен жүруі тиіс?

**№63.** Талғат 24 миль арақашықтықты жүгіріп өтуі керек. Ол осы арақашықтықтың үштен екісін сағатына 8 миль жылдамдықпен жүгіріп өтті. Барлық жолдағы орташа жылдамдығы сағатына 12 миль болатындай етіп жолдың қалған бөлігіндегі жылдамдығын арттыруға бола ма?

**№64.** Екі санның айырмасы азайғыштан 17-ге кем және азайтқыштан 9-ы артық. Азайғыш пен азайтқышты табындар.

**№65.** Әр ұяшықта қояндар саны әртүрлі болатындай етіп 17 қоянды ең көп неше ұяшыққа орналастыруға болады?

**№66.** Көрмеге 25 ит әкелінді. Оның 12-і үлкен, 8-і кішкентай, қалғандары орташа иттер. Тек қатысушылардың 10-ы асылтұқымды, қалғандары- аула иттері. Аула иттерінің ішіндегі үлкен, орташа, кіші иттердің саны бірдей. Көрмеге үлкен асылтұқымды неше ит әкелінді?

**№67.** Мысалды қалпына келтір:  $ABC \times CBA = 692443$ .

**№68.** Ерболсын 11 дәптер сатып алса, оның 7 теңгесі қалады, ал 15 дәптер сатып алуға 5 теңгесі жетпейді. Ерболсында неше теңге бар?

**№69.** Тоғыз папка мен үш альбомның құны алты папка мен бес альбомның құнындай. Бір папканың бағасы бір альбом бағасының неше процентін құрайды?

**№70.** Бөтелке мен стаканның салмағы кувшиннің салмағындай. Стакан мен тәрелкенің салмағы бөтелкенің салмағындай. Екі кувшиннің салмағы 3 тәрелкенің салмағындай. Бір бөтелкені неше стакан теңестіреді?

**№71.** Төрт оқушы – Мерей, Айбек, Ерасыл және Бағжан – математикалық олимпиадада алдыңғы төрт орынды иеленді. Қандай орын алғандарын анықтау үшін қойған сұрақтарға олар мынадай жауаптар берді:

- а) Айбек – екінші, Мерей – үшінші;
- б) Бағжан – екінші, Айбек – бірінші;
- в) Ерасыл – екінші, Баян – төртінші.

Әр жауаптағы бір бөлік қана ақиқат болса, кім қандай орын алды?

**№72.**  $|x - 2008| = 2009$  теңдеуінің түбірлерін табыңдар.

**№73.**  $|x - d| = 2$  теңдеуінің қосындысы түбірі 16-ге тең болатындай  $d$ -ның мәнін тап.

**№74.** Автомобиль А қаласынан В қаласына 50 км/сағ жылдамдықпен барып, 30 км/сағ жылдамдықпен кері қайтқан. Оның орташа жылдамдығын тап.

**№75.** Төрт саудагердің ақшалары мынадай: бірінші саудагерсіз 90 рубль, екінші саудагерсіз – 85, үшінші саудагерсіз – 80 рубль, төртінші саудагерсіз – 75 рубль. Саудагерлердің әрқайсысында қанша ақша бар?

**№76.**  $p$  және  $q$  – әртүрлі жай сандар. а)  $pq$ ; б)  $p^2q$ ; в)  $p^2q^2$ ; г)  $p^nq^m$  санында неше бөлгіштері бар?

**№77.** Кез келген тізбектес үш натурал санның көбейтіндісі 6-ға бөлінетінін дәлелдендер.

**№78.** Кез келген тізбектес бес натурал санның көбейтіндісі 30-ға, 120-ға бөлінетінін дәлелдендер.

**№79.**  $p$  жай санынан кіші және осы санмен өзара жай неше натурал сан бар?

**№80.**  $p^2$  жай санынан кіші және осы санмен өзара жай неше натурал сан бар?

**№81.**  $56a = 65b$  болса, онда  $a + b$  құрама сан екендігін дәлелде.

**№82.**  $a + 1$  өрнегі 3-ке бөлінсе, онда  $4 + 7a$  өрнегі 3-ке бөлінетінін дәлелде.

**№83.**  $2 + a$  және  $35 - b$  өрнектері 11-ге бөлінсе, онда  $a + b$  өрнегі 11-ке бөлінетінін дәлелде.

**№84.** Қосындысы көбейтіндісіне тең және бірінің екіншісіне қатынасына тең болатын екі санды табыңдар.

**№85.** Үштаңбалы сандардың екеуінің қосындысы үшіншісіне тең және осы үштаңбалы сандардың бірінің ондығы 8-ге тең болатындай етіп, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 сандарынан үштаңбалы үш сан құрастыру керек.

**№86.** Ұштары  $A(-12,7)$  және  $B(3,9)$  нүктелері болатын сан осіндегі кесіндінің ортасының координатасын табыңдар.

**№87.** Сөздіктің парақтарын нөмірлеу үшін 2322 цифр қажет болған. Сөздікте неше парақ бар?

**№89.** Нәтижесінде тек бір цифрынан тұратын сан шығу үшін 7-ні қандай ең кіші санға көбейту керек?

**№90.** Бірінші қорапқа екіншіге қарағанда екі есе артық, ал екінші қорапқа үшінші қораптағыдан екеуін артық етіп, 90 пакет үш жәшікке салынған. Бірінші қорапта неше пакет бар?

**№91.** Есептендер:  $1+2-3-4+5+6-7-8+9+10-\dots-2002-2003-2004+2005$

**№92.** 1, 2, 4, 8, 16, 23, 28, ... сандар тізбегі берілген (Әрбір келесі сан алдыңғы санға сол санның цифрын қосқанға тең) 200120022003 саны осы тізбектің мүшесі бола ма?